

## Атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 220 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 тамызда № 6471 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 22 қазандағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылы халқының пікірін ескере отырып, Бескөл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің Бескөл ауылындағы атауы жоқ көшеге келесі атау берілсін:

атауы жоқ көше –Есмақан Махметов көшесі.


2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық  
округінің әкімі*

*Е.Багенов*  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Қызылжар ауданы Бескөл  
ауылдық округі әкімінің  
2020 жылғы 4 тамызы № 220  
шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округінің  
Бескөл ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы схемалық карта**



Бескөл ауылдық округінің әкімі



Е. Бағенов